



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

қызға байлаған [6, 156-б.].

Шашқа тағатын шашбаулардың да өзіндік қасиеттері болған. Халық арасында: «Адам жанының бір ұшығы шаш арасын мекендейді» деген наным сақталып келгендіктен, қоңыраулы, сылдырмақты шолпыны шашқа пәле-жаланы маңайлатпайды деп ырымдап таққан. Қазақтарда шашты қию, түскен шаштарды жерге тастау сияқты түсініктер болмаған. Сондықтан қыз балалар әр түрлі шашбау, шолпылармен шаштарын жинап, өріп жүрген [2, 284-б.].

Қазақ халқында да басқа халықтардағыдай, жесір қалған әйелдер әшекей бұйымдар тақпайтын болған. Күйеуі өлген әйелдің қара жамылу уақыты Қазақстанның әр аймағында әр түрлі болған: Солтүстік, Орталық және Шығыс Қазақстанда әшекей бұйымдарды бір жылдан кейін, ал кейбір оңтүстік және батыс аймақтарында әйел басқа біреуге тұрмысқа шыққанға дейін тақпаған [4, 88-б.].

Осылайша, дәстүрлі қазақ әйелдері әшекейлерінің мәні үш негізгі қызметке, яғни, апотропиялық (қорғаныс немесе сақшы), репродуктивті (көбейткіштік) және тілектестік сияқты қызметтерге саятынын көруге болады. Сондай-ақ, зергерлік бұйымдар әр уақытта да, әр жағдайда да құн, сыйлық, байлық, әлеуметтік беделдік сияқты сипаттағы қызметтерді де атқарды. Жалпы, зергерлік бұйымдардың орны той-думандар мен салт-дәстүрлерді орындау кезінде жоғары бағаланса, олардың жоқ болуы да белгілі бір белгілерді білдіргенін көреміз.

Қолданылған әдебиет:

1. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995.-240-б.
2. Тохтабаева Ш. Ж. Серебряный путь казахских мастеров. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. 474-б.
3. Аргынбаев Х.А. Семья и брак у казахов. А.-А., 1973.
4. Тохтабаева Ш.Ж., Каримова Р.У. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнерінің шетелдегі жәдігерлері. – Алматы: «Алматыкітап», 2011.
5. Серебрякова М. Н. О знаковой функции народного костюма // Этнографическое изучение знаковых средств культуры. Л.,1989. 154-176 бб.
6. Ниязова Н. Н. Әсемдікке құштарлық академиясы. – Алматы: ЖАҚ «Рост», 2001, - 168-б.

УДК 902

ҚАЗАҚ АЛТАЙЫНДАҒЫ САҚ ДӘУІРІНІҢ ЖЕРЛЕУ ҒҰРПЫ КЕШЕНДЕРІН ЖІКТЕУ

Құрманғалиев Арман

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты, Астана, Қазақстан

Кез-келген археологиялық мәдениетті зерттеу көп жағдайда жерлеу ғұрпын анализдау арқылы жүзеге асады. Бұған себеп, жерлеуден өзге ескерткіш типтерінің белгісіз болуы, не толық қанды зерттелмеуі. Жерлеу ғұрпын екі аспектіде қарастыруға болады: белгілік-символдық және құрлымдық аналитикалық. Алғашқысында тіркелген құбылысқа семантикалық түсіндірме беру болса, екіншісінде жерлеу рәсімдерінің жекелеген бөліктерін сарапталады. Жерлеу ғұрпына осы екі аспекті арқылы жақындау арқылы біз ертедегі адамдардың өмірлерінің көптеген қырларын жаңғырта аламыз. Көптеген қорғандардың тоналып кетуі не бұзылуы салдарынан, жерлеу ескерткіші, нақты конструкциялық ерекшеліктерімен ежелгі адамдардың мәдениетінен ақпарт беретін жалғыз дерек көзі болып саналады.

Жерлеу ескерткішін белгілік-символдық жүктемеге бөленген және материалдық формаға айналған (қорған,сағана және т.б), адамның уақытша не мәңгілік мекені боатын,

жерлеу ғұрпының бір бөлігі ретінде қарастыруға болады [22;16].

Жерлеу құрылысының түрі, көп жағдайда үстем діни-мифологиялық концепция мен қоршаған ортаның әсеріне байланысты. Сонымен қатар жерлеу ескерткіштері адамдардың тұрмыстарының өзге қыраларынан да хабар береді. Мысалға қоғамдық-экономикалық қатынастар мен нақты әлеуметтік-туыстық құрылымдардың менталитетін білдіретін шарауашылық түрлері анықтауға болады. Ұмытуға болмайтын жайт, құрылыстың қыр сырын игерулері, жерлеу ескерткішін салу үшін материалдарды өңдеулері. Жерлеу рәсімдерін ұйымдастыру, ұрпақ сабақтасығы бар, мәйітке деген адамдардың көз-қарастарыда ақырғы орындарда емес. Адамның әлеуметтік деңгейі де, жерлеу құрылысынан көрініс табады. Осылайша жерлеу құрылысын егжей-тегжейлі қарастыру, ерте көшпелілердің жерлеу ғұрыптары туралы мәлімет беріп қана қоймай, Қазақ Алтайдағы Пазырық уақытысындағы халықтардың мәдени аспектілері туралы хабар береді.

Б.з.д VI-II ғғ. аралығындағы таулы алтай мен іргеслес жатқан аймақтарды мекен еткен сақ тайпаларының қалдырған жерлеу ескерткіштерін егжей-тегжейлі жіктеумен әлі күнге шейін ешкім айналыспады. Бірлі жарым еңбектерде зерттелінген нысандарды бөлу мен топтастырудың, бағыттары мен негізгі сипаттамалары келтірілген [қараңыз, мысалға; Кубарев, 1987, 10-236; 1991, .21-346; 1992, 10-206; Суразаков, 1989, 147-1566 және т.б.]. Біздің еңбегімізде ұсынылатын негізгі нәтижелер бастапқы қортындылар. Қорғандарды жіктеу барысында біз 4 мүшелі бөлу жүйесін пайдаландық: категория-топ-бөлім-түр. Әр бір жіктеу бірлігі өзіне тән сипаттамаларды біріктірді. Осындай анализды пайдалана отырып, Тишкин ерте сақ қорғандарының жерлеу құрылыстарын зерттеген [23;28].

Қорғандарды тұрғызу дәстүрін салыстырмалы әдіссіз зерттеу мүмкін емес, сондықтан, конструкциялық ерекшеліктерін айқын көрсетіп, мәнді белгісін толық қанды көрсету үшін жіктеу қажет.

Жерлеу құрылыстарының түрлерін анықтап, шығару үшін нақты тіркелеген қабірішілік конструкцияның белгілері арқылы анықтау критерийін пайдаландық. Бұл бізге таксономиялық топтастыру жасауға көмек болды. Осындай анализ жасауға бізге 19 қорымнан алынған, 106 қорғанның материалдары арқау болды. Алынған мәліметтерді жүйелеу барысында келесідей жіктеу бірліктері қолданылды:

I. Категория- бір не болжам бойынша бірдей қызметтік міндеттері бар нысандар тобы. Біздің жағдайда ол б.з.д VI-II ғғ. Әр-түрлі жерлеу құрылысы бар 106 қорған (100%). Құрылыс дегеніміз қозғалмаймын артефакт. Осылайша жерлеу құрылысы сақталынған кешендер жиынтығы: үйме, тас қалаулар, қабір шұңқыры, тас жәшіктер, қима таған және т.б.

II. Топ – бірдей сипаттамалары бар нысандар жиынтығы. Біздің жағдайда бұл қорған үймесінің құрылымдық құрамын сипаттайды: тас, тас-топырық, топырақ, сонымен қатар бұл араға 4 топ, жер бетінде үймесі жоқ нысанды кіргізуге болады.

III. Бөлім- қабірішілік құрылыстың әр түрлілігін анықтайды.

VI. Түр- жерлеу камерасының түрі: қима таған, ағаш жәшік, тас жәшік, ешқандай конструкциясы жоқ қабір шұңқыры.

Түр 1. Бұл түрдегі нысанадар тас үймеден тұрып, айналасын қоршап бекітпе тастардан құралған. Қабірішілік құрылыс қима таған қойылып, адам колодада жерленген еді. (берел қорымы) (9сурет) .

Түр 2. Жерлеу құрылысы тас үймеден тұрады, тас бекітіпелер жоқ, мола шұңқырының ішінде ағаш төсеніші бар, тас жәшік қойылған. [Барбурғазы] (10 сурет).

Түр 3. Тас үйме, қабірішілік құрылым ірі тас плиталардан тұрады, тас жәшіктің ішіне ағаш таған орнатылады. (берел 36 қорған) (11 сурет)

Түр 4. Қорғандарда тас үймелер бар, молалық үймеде ешқандай конструкция жоқ. Ең кең таралған. (Боротал-III) (12 сурет а)

Түр 5. Тас үйме, мола шұңқыры бар, жерлеу жоқ (кенотав) (тыткескень-4) (12 сурет б.)

Түр-6. Тас үйме, үйме астында қос мола шұңқыры кездеседі (Тыткескень-4) (13 сурет).

Түр-7. Тас мен топырақ араласқан үйме, қабірішілік құрылымда тас жәшік. (Ала- гайл 23 қорған) (13 сурет).

Түр 8. Тас үйме, тас бекітпелері бар, қабір ішілік құрылыста, бір колодаға қос адамды жерлеген. (берел 11) (13 сурет).

Сондай ақ зерттеу барысында спецификалық сипаттамалары бар, бірегей белгілілері бар қорғандар да анықталды, мыс Юстыд XII. 7 к. Жалпыға тән жалпы сипаттық көрсеткіштермен белгілі конструкциялық ерекшеліктермен қоса, бұл қорғандардың ерекшеленуіне, мәдени-хронологиялық, әлеуметтік-экономикалық, діни-мифологиялық және дүниетанымдық аспектілер әсер етуі мүмкін не сапасыз дайындық пен материалды өңдеу, қандай да бір себептерге байланысты дәстүрлі қорғанды тұрғыза алмауы және т.б факторлар әсер етуі мүмкін. Осы жағдайлардың барлығы жерлеу құрлысының түрі мен спецификалық конструктивтік ерекшеліктері дамуы Сақ уақытысындағы Таулы Алтайдағы Пазырық қоғамындағы нақты тарихи үдірістерге байланысты болғандығы жайлы ой түйуге болады.

Қорғандарды таксономиялық топтастыру нәтижесінде жерлеу құрлысында іске асырылған сипаттамаларға жалпы баға беруге, сондай-ақ қабірішілік конструкцияға бірегей және ерекше белгілері бар қорғандарды атап өтуге мүмкіндік туындады. Біз зерттеген 106 қорғанның 90 қорғаны тас үймелі, 1 қорған тас және топырақ үймелі, қалғандарының үймелері туралы ақпарат берілмеген не олар тегіс үймесіз болған. Ағаш жабын 12 қорғанда болса, бір қорғанда аралас тас пен ағаш жабын, қалған қорғандарда тас жабын. Үйме астында негізінен жалғыз мола шұңқыры тіркеледі, тек бір жағдайда ғана қос мола шұңқыры тіркелді. Қабірішілік құрылыста 17 қорғанда тас жәшік, бір жағдайда тас жәшік лақап та тіркелді. 1 жағдайда тас жәшіктің ішінде ағаш қима таған болды. 20 қорғанда ешқандай конструкция тіркелмеді, қалаған 69 қорғанда ағаш конструкция (қима таған).

Зерттелініп келтірілген б.з.д VI-II ғғ. Таулы Алтайды мекендеген сақ қоғамының қатардағы сақтар мен жоғарғы тап аксүйектермен патшалық қорғандардың жерлеу құрылыстары тағы бір мәрте олардың көпқырлылығымен ерекшеліктерін көрсетті. Жоғарғыда аталмыш типтердің барлығы дерлік кең таралаған. Конструкциялық ерекшеліктерінде неғұрлым жиі кездесетіні, тас үйме, тас бекітпе, қабірішілік құрылымдарында ағаш қима таған. Таза «классикалық» деп аталатын пазырық ескерткіштері, таулы алтай территориясының барлық жерлерінде кездеседі деп айтуға болады, әсіресе Орталық, Шығыс, Оңтүстік Алтайда. Осы арада тағы бір айта кететін жайт ол Шығыс Қазақстан аумағындағы Берел обалары пазырық қорғандарының қатарына жатқызылып келді. Ресей ғалымдары берелден ешқандай айырмашылық көре алмады таза пазырықтан, бұның барлығы негізінен С.С. Сорокиннің материалдары негізіндегі айтқан ойлары еді. XX ғ.аяғында XXI ғ. басындағы жүргізілген, жүргізіліп келе жатқан археологиялық қазба жұмыстары барысында жинақталған материалдар Берелді зерттеудің бүгінгі сатысында пазырық мәдениетінің локалды нұсқасы деп айтуға болады. Бұл біріншіден жерлеу құрлыс ескерткіштеріндегі ерекшеліктер; балбалдардың болмауы, жерлеу камерасында бір колодаға қос адамды жерлеуі. Сондай ақ айырмашылық аң стили өнерінде де, байқалады. Бұл салада бүгінгі таңда А.Х. Марғұлан атындағы археология институтының қызметкерлері Ғ. Қиясбек пен Ғ.А. Базарбаева тыңғылықты, жүйелі түрде зерттеу жұмыстарын жүргізуде, ақырғысы 2008 ж. желтоқсанында «Анималистические образы искусства древних кочевников Казахского Алтая (по материалам берельских курганов)» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

Біз атап өткен әрі тіркелген пазырықтықтардың жерлеу ескерткіштерінің конструкциялық ерекшеліктері себептер кешенімен байланысты, әуелден мәдени-хронологиялық планда. Кейбір жерлеу ескерткіштерінің түрлері Таулы Алтай территориясына өзге мәдениеттің элементтері кіргендігін аңғартса, келесілері жерлеу ғұрпының эволюциясына байланысты пазырықтықтардың діни-мифологиялық түсініктерін көрсетеді. Сонымен қоса жерлеу ескерткіштерінің конструкцияларынан қайтыс болған адамның әлеуметтік жағдайы, пазырық мәдениеті өмір сүрген кезеңдегі табиғи орта мен көшпелілердің шаруашылық түрлерін анықтауға болады.

Сақ қорғандарындағы жерленген адамдардың бағытталуы. Адамның жерлеу камерасында бағытталуы мен жатқызылуы кез келген археологиялық мәдениеттің маңызды

белгілерінің бірі болып саналады. Адамның бағытталуын компостың көмегімен оңай анықтап алуға болады. Көп жағдайда жерлеу рәсімінің осы бір салты жеке мәдени-хронологиялық бірліктерді шығарғанда қажет (түр, топ, локалды нұсқа және т.б.). Алайда бір археологиялық қазба барысында бір мәдени шеңбердегі қорымадарда, өлген адамның әр түрлі бағыттала жатқандығы не белегілі бір бағыттың төңрегінде айналатындығы анықталады.

Көнеде адамның жерленуші адамдардың бағытталуына көптеген халықтар аса мән берген, себебі ол өлім түсінігімен байланыстырылған, яғни адамның бір қалыптан екінші қалыпқа енуі мен өмірдегі шынайлықтан о дүниеге көшуі. Осы үшін мүрдені белгілі бір бағытқа бағыттап, өлген адамға о дүниелік кеңістікке жол көрсеткен. Сондай-ақ өлген адамның бағытталуы нақты бір көрсеткіштермен не нысандармен байланысты болуы мүмкін [24;156].

Жерлеу ғұрпына байланысты Таулы Алтайдағы пазырық мәдениетінің археологиялық материалдарын зерттеу бараысында бізге, өлген адамның қандай бір нысандарға бағыныштылығы турасындағы заңдылық байқалмады: тау, өзен, қоныс және т.б.(Берел қорымында жерлеу камерасы, өзен ағысының бойымен қойылған). Бұдан шығатын қорытында адамдарды көкжиек тараптары бойынша жерлеген. Сондықтан біз жерлеу бағыттарын анықтауда В.В Генниг және В.Ф.Геннигтардың жасап шығарған әдісіне жүгіндік [25;136-152].

Көкжиек тараптарын күнге қарап анықтау оңай, тек күннің шығуы менбатыс жағын тапсан болғаны. Алайда бұл нүктелер жыл мезгілдерімен географиялық ендіктерге байланысты вариацияланып өзгеріп тұрады. Сондықтан болар қазба барысында тіркелген әртүрлі бағыттар. Жерленген адамның бағытталуын анықтау маусымдық ауытқулар мен географиялық ендіктер есепке ала отырып, ежелгі адамдар қалайша көкжиек тараптарын анықтағанын және мүмкіндігінше қайтыс болған адам қай уақытта жерленгенін анықтауға болады. Қазба бараысында алынған көрсеткіштерді бірнеше деңгейде қарастырамыз: бір қорымдағы жерленген адамдардың бағытталуынның ара-қатынасын анықтаймыз, кейін м екі ескерткішті хронологиялық территориялық жақын және ақырында пазырық мәдениетінің біз тіркеген нысандарының түгіліннің ара-қатынасын анықтаймыз.Ең бірінші Тыткескень қорымында тіркелген 39 қорғаннан, 39 мүрде табылды. [Ю.Ф. Кирюшин 2003.] Оның Шығысқа бағыттала жерленгені: 12 адам, СШ- 1, ШОШ- 6, ШСШ-2, ОШШ-2, СШШ-1, ШО-2, СББ-1, С-2 (1 таблица және графика). Байқап отырғанымызда тыткескень қорымында үстем бағыт Шығыс. Қалған бағыттар осы бағыттың төңрегінде айналады. Егер жерлеу күннің батысы бойынша жүргізілгендігін айтар болсақ онда, жерленген адамдардың бағыттаулы былай болады: ШО, ШОШ, ОШШ жазда, Ш-күзде, СШ-қыста, Ш-көктемде, егерде жерлеу рәсімдері күннің шығуына байланысты өтсе, онда өлгендерді жазда- СШ, ШСШ бағыттап, күзде-Ш, қыста – ШО, ОШШ, көктемде – Ш. Қайталанатын жағдайларды ескере отырып, ең көп өлім күз бен көктемге келген. Негізінен өлім қыс айларында да болуы мүмкін, себебі қыста өлген адамды жерлеу, жердің қатуымен ауа-райының қолайсыздығына байланысты күннің көзі жылынғанда жерлеген. Мұндай деректер қазақ этнографиясында да, кездеседі. Бағытталудың солтүстік бағдары өзге мәдениеттің элементі болуы мүмкін.

Жоғарғыда айтылған пікірлеріміз салмақты болуы үшін Ресей территориясындағы Ала-Гайлдың 16 қорғанынан табылған 12 мүрдемен Қазақ Алтай территориясынан табылған Берел қорымының 11 қорғанынан табылған 12 мүрденің бағытталуларын келтірген жөн. Ала Гайлда 7 адам –Шығысқа, 2 адам –ОШ, ШОШ-1, ШСШ-2 қаратыла жерленсе, Берел қорымында бұл көрсеткіш: 4 мүрде Шығысқа қаратыла жерленген, қалған қорғандардағы бағытталулар адам мүрдесінің тоналуы салдарынан белгісіз, алайда қорымдағы өзге қорғандардағы адамдардың жерленуі мен мола шұңқырының бағытталуына байланысты тоналға қорғандардағы адамдардың бағытталуларын анықтауға болады. Өзге қорғандарда жерленген адамдардың бағыттаулары шығыс тарап болғандықтан, әрі мола шұңқырының шығыс тарапқа бағытталуы негізінде бұл қорғандардағы бағытталулар Шығыс тарап болғандығын алға тартуға болады. Сонда Берел қорымындағы 12 мүрденің бағытталулары

Шығыс тарап бойынша болған (2 сурет және графика).

Шығыс тарап аса басым бағыт болғандығы айқын көрініп тұр. Келесі ой жүгірту алдыңғы жағдайлардағы секілді жасалды. Егерде пазырықтықтар қайтыс болған адамдарын жерлеуді қыста жүргізсе келесідей көріністі байқар едік: ШО, ШОШ, ОШШ жазда, Ш-күзде, СШ-қыста, Ш-көктемде, егерде жерлеу рәсімдері күннің шығуына байланысты өтсе, онда өлгендерді жазда- СШ, ШСШ бағыттап, күзде-Ш, қыста – ШО, ОШШ, көктемде – Ш. Байқап қарап отырсақ, көктем мен қыс өлімнің ең жоғарғы көрсеткіші болған мезгіл екендігі анықталды. Өз туыстарын, руластарын жерлеген пазырықтықтар көкжиекті анықтауда күннің шығысы бойынша бағыт алғандығы анық.

Үш қорымнан алынған материалдарды қарастырғаннан кейін, көп мөлшердегі мәліметтерді қарастыруға көшеміз. Бұл 19 қорымнан алынған, 106 қорған мәліметтері тартылды. Жерленген адамдардың жалпы саны 117 мүрде [100%]. Біз бұл тізімге бағытталулары көрсетілмеген қорғандардағы мәйіттерді қоспадық.

Көрініс келесідегідей: Ш-36, ШСШ-15, ШОШ-7, ОШ-3, Б-5, БСБ-12, СБС-1, СББ-2, С-2, ОШШ-2, СШ-2.

Байқағанымыздай Шығыс бағыт аса үстем бағыт болған. Бұл арада жағдай жоғарғыда келтірген жағдайдан айырмашылықсыз.

Шығыс бағыттан өзге адамдары жерлеудің өзге бағыты бар ол Батыс, Солтүстік, Оңтүстік бағыт.

Шығыс және батыс бағытталу пазырық уақытысына тән болса. Оңтүстік және солтүстік бағыт б.з.д.ҮІ-ІІ ғғ. Ескерткіштерінде кездеседі.

Жоғарғыда қарастырылған дүниелерге қарап отырып келесідей қортындылар жасауға болады:

1. Бақылауға алынған, қорымдардағы адамдардың бағыттаулы негізінен күннің шығуы бойынша жасалғандығы.
2. Тіркеген бағыттаулардан жиі кездесетіні Шығыс және ШСШ бағыттары. Яғни жерлеу үрдісі қыс пен көктемде болған. Оған қосымша дәлел ретінде қорғандардан табылған, күл, яғни бұл дегеніміз топырақты жібіту үшін от жаққандығын меңзейді.
3. Сондай-ақ Батыс, Оңтүстік, Солтүстік бағыттарда кездеседі. Бұл өзге жерлеу дәстүрінің болғандығын дәлелдейді.
4. Барлық аралық бағыттар, маусымдық ауытқулардың салдары болып табылады.
5. Аталмыш аймақта жоқ дегенде екі этникалық топ өмір сүргендігін айтуға болады.
6. Адамдардың бағыттаулы бойынша көрсеткіштер қай дәстүрде жерлеу рәсімдері өткендігін анықтап қана қоймай, этномәдени, діни түсініктерді, демографиялық жағдайдың жаңғыртуға мүмкіндік туады.

Адамның жатқызылуы, бағытталуы сынды жерлеу ғұрпының маңызды бөлігі. Біздің жағдайда адамның жатқызылуын анықтап , қордынды жасау үшін біз, 106 қорғанда жерленген 116 адамды анализге тарттық.

Біз жатқызылудың екі түрі бойынша анализ жасаймыз, бұлардың ішіне бүгілі жатудың барлық түрі, бүгіліп жерленді деп енгізілді. Сонымен ең кең тараған жатқызылудың түрі бүгіліе жатқызылу болып табылады- 110 адам, созыла 6 адам. Келтірілген анализдер таулы Алтайдағы сақ уақытысындағы адамдардың бағыттаулы күннің шығысына байланысты болғандығын аңғартты. Сонымен қатар жатқызылудың бірнеше түрі болғандығы анықталды, ең кең тарағаны бүктеле жатқызылу екендігі аңғарылды.

Қолданылған әдебиет:

1. Черников С.С. Восточно-Казахстанская экспедиция // КСИИМК – М.1951. Вып. 37 – С 144-131
2. Сорокин С.С. «Большой Берельский курган (полное издание материалов раскопок 1865 и 1959 гг.)» // Культура и искусства народов Востока – Л 1969 – Вып. 7. – С. 208-23 б.

3. Самашев З.С. Берель 2000. С.50
4. Арсланов Ф.Х. Курганы «с усами Восточного Казахстана» // Древности Казахстана - Алма-Ата, 1975 – С. 116-129.

УДК 902

ПОЗДНЕСАРМАТСКИЕ ПАМЯТНИКИ ЗАПАДНОГО И СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА

Музапбарова А.Б.

altuwa127@mail.ru

Магистрант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

Научный руководитель - к.и.н., доцент Хабдулина М.К.

Памятники раннего железного века Западного и Северного Казахстана предоставляют огромный материал данных. В рамки исследования гунно-сарматского времени на данной территории относятся позднесарматские памятники. Позднесарматская эпоха Западного и Северного Казахстана датируется II в. до н.э. - V в.н.э. и представлена погребальными памятниками.

Всего на сегодняшний день на территории Западного и Северного Казахстана известно порядка ста раскопанных погребений. Памятники представлены только погребальными объектами. Курганы на местности чаще всего располагаются на территории могильников сакского времени. Могильники данного периода представляют собой цепочки курганов ориентированных, как правило, в меридиональном направлении с отклонениями на запад или на восток. Расположены по берегам рек, насчитывают от 2 до 25 курганов.

При картографировании исследованных памятников гунно-сарматской эпохи на территории Северного Казахстана можно выделить основные зоны их концентрации. Регионом наибольшего сосредоточения является среднее течение реки Ишим, при впадении рек Жабай, Акан-Бурлук (административно территория Атбасарского района Акмолинской области и района им. Габита Мусрепова Северо-Казахстанской области), бассейн реки Шагдалалы (Зерендинский район Акмолинской области). На территории Западного Казахстана это Уральская и Актюбинская области, на берегу рек Илек, Калдыгайты, Утва.

Надмогильные насыпи погребений гунно-сарматского времени по внешним характеристикам отличаются от курганов предшествующего времени. Чаще всего это земляные или земляные с примесью щебня насыпи малых и средних размеров. Насыпи курганов представлены в частности овальной формы из земли и камня. Встречены насыпи сложенные из каменных сланцевых плит и земляную насыпь на поверхности, которой фиксировались плиты из сланца, образующие 2 круга диаметром 3,5 м и 2 м. Высота незначительная, до 0,4-0,5 м. Диаметр большинства не превышает 15 м, хотя известны курганы и с большим диаметром насыпи (могильник Айдарлы, диаметр насыпи 28 м). Диаметр насыпи во всех курганах в основном варьируют от 18 м до 40 см. Точные размеры некоторых курганов не возможно было восстановить. В силу сильной разрушенности земляных насыпей обнаружение и вычленение памятников гунно-сарматской эпохи из общей массы комплексов раннего железного века затруднительно. Внекурганные конструкции представлены небольшими по ширине и глубине рвами. Погребальные комплексы располагаются на уплощенных площадках коренных террас рек региона. Планиграфия расположения насыпей в отличие от предыдущих комплексов сакского времени чаще всего бессистемная, четких вытянутых по линии север-юг цепочек курганов не зафиксировано.

Сакральное пространство под насыпью кургана оформлялось различными способами. Основой является ограничение пространства с использованием различных вариантов – каменной конструкции, вала или рва.